




Жақсымармен жүздесу

Халқына ғұмырын саналы түрде арнайтын адамдар мыңнан біреу-ақ шығар. Олай болса, қазақ мәдениетінің тағдыры үшін сан жылдар еңбектеніп, ұлттық ділдің жанашыры болып жүрген азаматтардың бірі Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек жайында «Қазағым деп тілін сындырын, қазағым ден өмірден өтер, құр сөзбен емес, бар болмыс-бітімімен, бүкіл саналы тірліктегі қам-қарекетімен дәлелден жүрген осы Сланның Ақселеуіндеі бір шоғыр азаматтары бар ел бақытты» деген екен

Ұлт ұлағатының үйтқысы

- Ақселеу аға, сіз елге танымал азаматтардың бірісіз. Сондықтан көпшілік сіздің өскен ортаңыз, балалық шағыңыз бен еңбек жолын бастаған алғашқы қадамыңыз туралы білгісі келетіні анық. Әңгімені осыдан бастасақ.

- Менің балалық шағымның өз қатарластарымнан бөлендей айырмашылығы жоқ. Біз Ұлы Отан соғысы кезінде дүниеге келген ұрпақпыз. Сол уақыттың барша ауырлық-тауқыметін көріп өстік. Белгілі бір дәрежеде санамызға соның таңбасы да мәңгілік басылды. Туып-өскен ортам Қарағанды облысы, Жаңаарқа өңірінің Бетбақдала жағы. Еліміз мал шаруашылығымен айналысты. Мен қазақтың салт-дәстүрін толық сақтаған, көшпелі өмір салты үстемдік құрған ортада өмір сүрдім. Содан да болу керек, халықтың дәстүрлі дүниетанымы, өмір салты, тілі, ділі дегендей құндылықтары танымымызға, жанымызға көбірек сінді. Мен туған топырақтың бір айырықша бөліп айтатыны, дәстүрлі халық өнерінің белгілі тұлғалары өсіп-өнген орта болды. Мысалы, әйгілі қобызшы, күйші, композитор Ықылас Дүкенұлының, белгілі күйші-композитор Тоқаш Шоңманұлының, дүлдүл Дайрабайдың, Сә-

кен Сейфуллин сынды ақын, қоғамдық қайраткерлердің көзін көрген адамдардың сөзін естіп өстік. Солардың үлгі өнегесі, айтқан әңгімелері біздің құлағымызға да, жүрегімізге де сінді. Мұның өзі менің кейінгі шығармашылық жолыма, дүниетанымыма, тіптен, азаматтық ұстанымдарыма өте үлкен ықпал етті деп ойлаймын.

Балалық шақ дегенде, әкем кешегі алапат соғыста құрбан болып, шешем жастай жесір қалған. Әкеден жалғызбын. Шешемнің тәрбиесін көріп өстім. Осының өзі-ақ өмірдің қандай сыбаға бұйыртқанын аңғартса керек. Қазір шешем тірі.

Орта білімді Жаңаарқа ауданындағы №1 орта мектептен алдым. Біз мектеп бітіріп жатқан кезде кімде-кім комсомолдық жолдамамен мал шаруашылығына барса, Кеңестер Одағындағы кез келген оқу орнына емтихансыз түседі деген насихат жүрді. Анамнан басқа жанашырым жоқ, жетім өскендіктен ол кезде маған өз күшіммен оқуға түсудің мүмкіндігі жоқтай сезілді. Далада өскендіктен болар, мынау қалалы, өркениетті жер маған жұмбақ, тылсым, қауіп-қатері мол дүние сияқты көрінді де, мен оқу бітірушілердің ішінен бірінші қол көтеріп,

Кәдірбек Сегізбай. Сол айтқандай, мұндай азаматтары бар біздің ел бақытты. «Қазағым» деген ұлын елі ардақтап, абыройын асқақтата түскенге не жетсін!

Ақселеу Сейдімбектің қазақтың этнографиясы мен моделине, тол тарихы мен фольклорына жалпы халықтың бүтін рухани әлеміне қатысты атқарып жүрген толымды да тынымсыз еңбегін ешкім жоққа шығара алмайды.


Оқырман қауым назарына Ақселеу ағамен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

комсомолдық жолдаманы алдым. Сөйтіп келіп, Жаңаарқа ауданының Қызылтау деген алыс шалғайдағы елді мекенінде екі жыл қой жайдым. Екінші жылы Алматыға келіп, ҚазГУ-дың журналистика факультетіне құжатымды тапсырып, бақ сынап 12 балмен түсе алмай қалдым. Үшінші жылы қой бағуды ұнатпай (ол



Оралхан, Кәрібай, Кәдірбек, Ақселеу, Серік, Қуанышбай.

Ақаң Күлтегін ұстынының алдында



өзі жіпсіз байланатын тіршілік қой), бір жыл қосап жылқы бақтым. Жылқышылықұстазым әрі қосағасы болған әйгілі шұбыртпалы Ағыбай батырдың немересі Тарғын деген ақсақал еді. Өмір көрген, тарихи дерек туралы жадында көп әңгіме-хикаялары бар, батыр тұлғалы, ер көңілді, адамға, әсіресе, жастық кезде идеал болатындай кісі еді. Сөйтіп, үш жылғы өмірім еңбекте өтті де, үшінші жылы ҚазГУ-дің журналистика факультетіне түстім. Екінші курста оқып жүргенде Хрущевтің жарлығы шықты да, әскери кафедра жабылып, 25-студенттің ішінен жалғыз мен әскерге аттандым. Әскерде бір жылдай әскери борышымды өтеп келіп, оқуымды жалғастырдым. Оқуымды бітіргеннен кейін «Лениншіл жас» газетінің секретариятында аз уақыт жұмыс істеп, кейін газеттің Орталық Қазақстан облыстарындағы тілшісі болып кеттім. Міне, осылай журналистік өмірім басталды.

- Әдебиет есігін «Күзеуде» хикаясымен аштыңыз. Осы хикаядағы Уәкила, Ршымен, Құдайменде сынды кейіпкерлер өмірде болған адамдар ма?

- Әрине, кез келген көркем шығармаға қозғаушы болатын дүние - өмірлік оқиғалар. Меніңше, автордың өмірлік түйген тәжірибелері, сол тәжірибелері арқылы айтқысы келген идеяларының жиынтығы көркем шығарма. Бұл тұрғыдан келгенде, аталмыш шығармаға арқау болған мен өскен орта, сол ортадағы адамдардың тағдыры екені рас. Бірақ көркем шығарма өмірді қайталау емес. Онда авторлық идея, автордың өзіндік қиялы бірге жүреді.

Мен журналистік өмірімнің алғашқы 5-10 жылында көркем шығарма жазумен айналыстым. Бұдан кейін саналы түрде көркем шығарма жазуды тоқтаттым. Іштей қазақ халқы бір жүйеден екінші

жүйеге өтіп бара жатқанын терең сезіндім де, ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарының бірте-бірте ұмытылып бара жатқанына қатты мазаландым. Нәтижесінде мен нақтылы ғылыми көпшілік, ғылым-танымдық, этнографиялық, ұлт болмысын танытатын еңбектерді жазумен айналысуға көбірек ден қойдым. Оған мен өз басым өкінбеймін. Күні бүгінге дейін сол ұстанымыммен еңбек етіп келе жатырмын.

- Кезінде «Зерде» журналының жарияланымдарын түгелге жуық қалғызған рухты оятуға, мүлгіген ұлтжандылықты серпілтуге арнаймын деп жүріп, қызметіңізден шеттеп, «ұлтшыл» деген атқа да қалдыңыз. Бұл қалай болды?

- Енді, жазған тақырып халықтың дәстүрлі дүниетанымын, тарихын, өткенінің асылдарын марапаттау, насихаттау болса, бұл социалистік кездегі тоталитарлы жүйеге қайдан ұнай қойсын. Оның үстіне біздің журналистік еңбекке белсенді кіріскен кезімізде Желтоқсан оқиғасы болды. Ол кезде мен «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының бас редакторы едім. Сол оқиғаға байланысты кінәлілерді табу керек деген жоғарғы жақтың қатаң нұсқауы болды. Сондай кінәлілердің бірі ретінде мені тіркемекші болып журналды тексерді, қудалады. Ондағы басылған, ұлттың рухани болмысына айна болған материалдар маған кінә ретінде танылды. Сөйтіп, ол журналдан мені Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бюросында босатты. Осы



Ақселеу, Төлен, Дулат

лықтар тұңғыш рет төл топырағымызда қазақ тілінде 1997-98 жылдары жазыла бастады. Бұл оқулықтар Қазақстандағы орыс, ұйғыр, кәріс, неміс тілді мектептер үшін қазақ тілінен аударылды. Бұрын бұл оқулықтар орыс тілінен қазақшаға аударылса, енді қазақ тілінен Қазақстандағы басқа ұлттық мектептердің оқулығы болып аударылды. Бұл Білім жүйесіндегі үлкен бір тарихи кезең деп білемін. Рас, кемшіліктер болуы мүмкін. Бірақ бұны ұлт ретінде, мемлекет ретінде білім жүйемізде жасалған үлкен тарихи бетбұрыс деп есептеймін.

- Жақсы, бұл әңгімемізді бір қайырып, енді өзіңізге қайта оралайықшы. Домбыраның құлағында ойнауды кімнен үйрендініз?

- Мен өскен орта өте күйші орта болды дедім ғой. Қазақстанда шоғыр-шоғыр күй дарыған орталар бар. Мынау Атырау өңірі, Маңғыстау, Сыр бойы, Арқада Жаңарқа, Қарқаралы арасы күйдің бөккен, дамыған ортасы. Ықылас, Тоқа, Дайрабай, Тәттімбет сынды қазақтың әйгілі, ұлы күйшілері иісі қазаққа белгілі. Одан кейінгі орта буында Қыздарбек, Баубек, Сембек деген күйшілер болды. Ал үшінші буынды Әбікен Хасенов, Манарбек Ержанов, Мағауия Хамзин сынды саңлақтар бастаған. Міне, осы күйшілердің бірінің көзін көрдік, енді бірінің көзін көргендердің сөзін естіп, сол күйшілердің өз қолынан күй үйренген қарттардың домбыра тартысын құлағымызға сіңіріп өстік. Ол кезде радио-теледидар деген жоқ, рухани алданышымыз ауылдың әншілері мен күйшілері. Соларға еліктеудің нәтижесінде домбыра тыңқылдататын болдық. Сөйтіп, белгілі күйшілердің күйін тыңдап, домбыра қағысын көріп өсудің арқасында күйлердің көркемдік эстетикалық ішкі мән-мағынасын түсінетін деңгейге көтерілдік. Білім алғаннан кейін бұның шын мәнісінде ұлттың өте құнды рухани қазынасы екеніне көз жеткіздім. Бара-бара бұның өзі менің зерттеу объектіме айналды. Менің докторлық диссертациям «Қазақтың күй аңыздары» деп аталады.

- Кең тынысты, әуенге бай «Сарыарқа», «Дәурен-ай», т.б әндеріңіз бүгінде халық арасында кеңінен айтылып жүр. Бұл әндердің қалай дүниеге келгенін тілге тиек етсек, қалай қарайсыз?

- Маған егер, сіз өмірді қайта бастап, мамандық таңдайтын болсаңыз, қандай мамандық таңдар едіңіз деп сұрақ қойса, бәлкім, мен осы музыканттық жолды таңдаған болар едім. Өйткені, мен өзім-

кезде ұлт болашағы туралы «оқшау пікір» айтқандарды МҚК-нің «сенімсіздер» тізіміне тіркейтін. Менің де аты-жөнім осы тізімнің қак ортасында жүрді. Бұдан кейін маған баспасөзде жұмыс істеуге тыйым салды. Сондықтан да жұмыссыз қалған кезімде Қазақстандағы барлық газет-журналдар мені қызметке алудан бас тартты. Ол кезде бәрі партияның органы ғой. Сосын амал жоқ, мен Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа орналастым. Бұл да тағдырдың маған танытқан он қабағы деп ойлаймын. Өйткені, мен көркем шығарманы тоқтатып, кейін халықтың тарихи-рухани әлеміне тікелей ден қойғаннан кейін, ғылыми ортаға тап болдым. Менің бұл таңдаған жолыма ғылыми зердемен қарауыма мүмкіндік ашты.


- Сіздің азаматтығыңызды құрметтеген ағаларыңыздың бірі кезінде «Өзі «сенімсіз» болғанмен, балаларының не кінәсі бар?» деп ең қарапайым жұмысқа қабылдапты дегенді естіген едім.

- Сол кезде жұмыс табу мәселесі өте қиынға соқты. Менің институтқа жұмысқа орналасуыма өзіме жақын аға болып жүрген, ғылым докторы Мырзабек Дүйсенов дейтін азамат қол ұшын берді. Қазір ол кісі бақилық болып кетті. Ал ол кезде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры ғылым докторы, профессор Шерияздан Елеуекенов еді. Ол кісі «сенде тек қана еден жуушының ваканциясы бар» дегенді айтты. Мен «оған да келісемін» дедім. Не

керек Шәкең, сөйтіп, мені айлығы еден жуушымен бірдей лаборанттық қызметке қабылдады. Сөйтіп, жеті-сегіз ай лаборант болып жұмыс істедім. Лаборант бесінші, алтыншы сынып бітірген қыз балалардың істейтін жұмысы. Мен кешікпей кандидаттық диссертациямды жазып бітіріп, қорғадым. Сөйтіп, біржолата ғылымға бет бұрдым. Арада шамалы уақыт өткенде докторлықты қорғадым. Содан саяси дүрбелең бәсеңсіп, егемендігімізді алғаннан кейін бәрі қалпына келді ғой. 1997 жылы мені Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалар Институтына директор етіп жіберді. Бұл 50-60 ғана адамы бар институт еді. Негізінен Москвада шығарылған оқулықтарды қазақша аударатын институт. Кейін тәуелсіздік алған жылдары білім жүйесіне бұрынғы аудармашылықтың керегі болмай, жаңадан оқулықтар жасау қажеттілігі туындады. Осы үлкен жауапкершілікті сезініп, әрі жоғары жақтың нұсқауымен жаңағы институтты Академияға айналдырдық. 60 адамдық институтты 400-500 адамы бар Академияға айналдырып, оның ішінен 4 институт, бір баспа құрып, тұңғыш рет менің басшылығыммен, Академияның ұйымдастыруымен қазақ тіліндегі пәндік оқулықтар дүниеге келді. Тұңғыш рет деп отырғаным, бұған дейін қазақ тілінде төл топырағымызда қазақша жазылған пәндік оқулық шыққан емес. Кезінде Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтардың шығарған оқу құралдары әліппелер - сауат ашу оқулығы болатын. Ал алгебра, геометрия, физика, химия т.б. пәндік оқу-



Ақаң жұбайы Оралмен



нің қабілетімді білемін. Бізді әскерге алатын кезде алдымен есту қабілетімізді тексерді. Сонда 120 студенттің ішінен үшеу өттік. Соның бірі болып мен аттандым. Табиғат берген менің есту қабілетім ерекше еді. Бәлкім, мен өскен ортада музыка мектептері болғанда, жастайымнан музыкалық білімнің негіздерімен сусындағанымда журналистика факультетіне емес, консерваторияға түскенімде ұлтыма қазіргі шығармашылығымнан гөрі көбірек пайда келтірер ме едім деп ойлаймын. Бойдағы сондай қабілеттің жұқанасы болу керек, жаңағы әндер дүниеге келді. Оның үстіне сол кездерде мен қазақтың біртуар ұлы әншісі Жәнібек Кәріменовпен үлкен шығармашылық байланыста болғаным да осы әндердің дүниеге келуіне әсер етсе керек. Мен тіптен ән шығарғанда сол Жәнібектің тұзағында отырып шығаратынымын. Сосын тек Жәнібек айта алатын әнді ғана шығара алатынымын. Содан да болу керек, менің әндерімнің жалпы бітімі «күні өткен» әндер.

- Иә, сіздің Жәнібек Кәріменовпен бірге қазақ әндерінің дәстүрлік ерекшеліктері жайында талай телехабарлар жүргізгеніңіз әлі жұрттың есінде...

- Рас, мен Жәнібекпен бірлесіп, 9 телехабар жүргіздім. Телехабарларда Жәнібекке 100-ге тарта қазақтың классикалық әндерін орындаттым. Өкінішке орай, сол жазбалардың көбі бүгінде жоқ. Біразы өшіріліп қалыпты. Тек өзімізде бірекі-ақ телехабар сақталған. Соның әсері қалпы болу керек, бірлі-жарым шыққан

әндер бар. Құдайға шүкір, оларды кезінде Жәнібек сырқаса, бүгінде Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов сынды қазақтың белгілі әншілері орындап жүргенін, пенде ретінде өзім мақтаныш тұтамын.

- Өткен жылғы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған қазақ идеясы жайындағы мақалаңыз ұлт зиялыларының арасында үлкен пікір туғызды. Кейбір басылымдарда қылаң берген қайшы пікірлерге қалай қарадыңыз?

- Ол мақаладағы пікірім - осы уақытқа дейінгі өзімнің таным-түсінік әрі идеялық ұстанымдарымның нәтижесі. Мен ол мақаладан қазір де бас тартпаймын. Шынында бұл мақала қазақ зиялыларының арасында үлкен талас тудырды. Ресми ортаның да назарын аударғты. Мақалада ғылыми қисын мен дұрыс пікірден басқа бәлендей ештеңе жоқ. Бәлкім, тек ашылау айтуым мүмкін. Тіпті өзімнің субъективті пікірім бойынша, мына уақыттың проблемалары тезірек шешілуін қалағандық болар. Кейбір проблемалардың уақыты келгенде шешілетіні болады. Мүмкін мұнда бір жанашыр азамат ретінде, тілге қатысты, біздің ресми орындарымыздың ширақтау қимылдауын талап еткен қатқылдау, өткірлеу сөз айтылып, әлдекімдерге ұнай қоймаған шығар. Жалпы, менің ұстанған позицияма қателік жоқ деп ойлаймын. Бұл мақала бойынша редакцияға да, өзіме де өте көп хаттар келді, телефондар соғылды. Елдің қолдағанына көзім жетті.

- Қазіргі шығармашылық шебер-

Ақаң немерелерімен

ханаңыздағы жаңалықтарға тоқталып кетсеңіз?

- Менің 20-30 жылдай еңбектеніп түйіндеген, соңғы бір жарық көрген еңбегім «Қазақтың күй өнері» деген кітабым. Бұл - жалпы көлемі 80 баспа табақтай, ауқымды еңбек. Осы кітапқа дейін менің 30-ға тарта кітабым, 2000-дай мақалам жарық көрді. Өміріміз жазумен, ізденумен кетті ғой. Ол «аурудан», әрине, енді мәңгі айықпайтын шығармыз. Қазір де жұмыс үстіндемін. Қазақтың тәуелсіздік алғанға дейін тыйым салынып келген өте мол мұрасы - қазақтың шежірелік аңыздары мен шежірелік таным-түсініктері. Былайша айтқанда, халықтың өз тарихы туралы, өзінің жадында сақтаған мол қазыналары. Бұл біздің төл тарихымызға қатысты деректік мәні де, ғылыми мәні де құнды айғақтардың бірі деп ойлаймын. Қазір осы қазақтың шежірелік аңыздарын, төл тарихымызға қатысты шежірелік мағлұматтарын жинақтап жатырмын. Оның да көлемді дүние болатын түрі бар.

- Жанұяңыз жайында айта кетсеңіз?

- Жұбайымның есімі - Орал. Үш қыз, бір ұл дегендей төрт перзентім, бес немерем бар. Балаларым жоғары оқу орнын тәмамдаған. Ал қолымдағы кенже қызым Дипломатиялық Академияның соңғы курсына оқып жатыр.

- Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Мара КЕЛЕС.